
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ «Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ»	Пр 017-3.11-2020 № 1-баспа 28.08.2020ж.
	<u>Академиялық адалдық ережесі</u> Нормативті құжат түрі	Бет 1 - 11

Академиялық адалдық ережесі

Алматы
2020 ж.

«БЕКІТІЛДІ»
«Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
Т. Жүргенов атындағы Қазақ
Ұлттық өнер академиясы
№1 хатамасы «28 тамыз»2020 ж.
Ғылыми кеңестің шешімімен
РММ ректоры

А.Ж.Абдуалиев
«28» 08 2020 ж.

Академиялық адалдық ережесі

1.Жалпы ережесі

1. Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының (әрі қарай – Академия) Академиялық адалдық ережелері (әрі қарай – Ереже), Академия даму стратегиясына, Білім саласындағы заңнамасымен әзірленді, білім беру үрдісінде академиялық адалдық нұсқауларын, Академияның адалдық комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді, академиялық білім алушылардың тәртібі жөніндегі іс-шаралардың бұзушылық түрлерін анықтайды.
2. Осы Ереженің мақсаты – Білім алушылар мен Академия қызметкерлерге адалдықты түсінуді қалыптастыру, ашық, шынайы және сенімді қарым-қатынастар, сондай-ақ адалдықты дамытуға жауапкершілікті орнату. Академия оқу үрдісінде академиялық адалдық - негізгі құндылықтардың бірі болып табылады.
3. Академиялық адалдық – принциптер мен құндылықтардың жиынтығы, жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялар) орындау барысында студент оқуға адал болу.
4. Жұмыстың болжамы:
 - 1) белгілі бір кезеңде білім алушылардың жетістіктерін анықтау үшін олардың орындауындағы тапсырманы немесе жұмысты оқыту (ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, эссе, далалық жұмыстар, практикалық жұмыс, өзіндік жұмыс, ғылыми-зерттеу, жобалау және басқалар);
 - 2) қорытынды бағалау кезінде студенттердің жасаған жұмысына қол жеткізудің деңгейін анықтау;
5. Академия әкімшілігі, кеңесшілері, кураторлары мынадай жағдайларда осы ережелермен студенттерді таныстыруға міндетті:
 - 1) құжаттарын қабылдаған кезде;
 - 2) Академияға түсу үшін өтініш берген кезде;
 - 3) кураторлық сағат кезінде;

4) Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының әкімшілігі, білім алушылар, Академия қызметкерлері, олардың заңды өкілдері, Академия қауымдастығының барлық мүшелері осы Ережелерді орындауға міндетті.

2. Академиялық адалдық принциптері

6. Оқу үрдісіндегі білім алушылардың, олардың жеке адалдығын және өз жауапкершілігін дамытудағы академиялық адалдығының негізгі принциптері болып табылады:

- 1) шыншылдық – адал, білім алушылардың бағаланған және бағаланбаған жұмыстарын мұқият орындау. Шыншылдықтың негізгі компоненттеріне еңбекқорлық және тәртіптілік жатады.
- 2) автордың құқықтарын және оның мұрагерлерін қорғауды жүзеге асыру авторлық құқықтың объектісі болып табылатын тұлғаның жұмыстарында бөтеннің сөзін дұрыс аудару, ойын дұрыс жеткізу арқылы қорғау;
- 3) ашықтығы – ашықтық, өзара сенім, білім алушылармен арасында және оларға теңестірілген тұлғалардың ақпарат пен идеялардың ашық алмасуы;
- 4) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – білім алушылардың пікірлерін және идеяларын еркін білдіру құқығы;
- 5) теңдігі – осы Ережеге сәйкес әрбір білім алушының оны бұзғаны үшін жауапкершілік міндеті.

3. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері

7. Білім алушылар құқылы:

- 1) осы ереженің мәтінімен танысуға;
- 2) оқу үрдісінде еркін өз пікірін білдіруге;
- 3) осы ережеде бұзған негізсіз айыптауларға қорғалған және дәлелдемелер беруге болады.

8. Академияның білім алушыларының міндеті:

- 1) білім алушылар арасында ақпараттық жұмысты жүргізуге;
- 2) дәл және сенімді көздерден таңдауда білім алушыларды оқыту және қолдау көрсетуге;
- 3) сілтемелерді рәсімдеу, әдебиеттер, библиография әдістерін үйретуге;
- 4) білім алушыларға жобалардың рәсімделуін қағаз және цифрлық орындалған жұмыстың әдістерін үйретуге;
- 5) оқыту үрдісінде өз пікірін білдіруге үйретуге;
- 6) білім алушыларға болжанатын жұмысты орындау алдында академиялық адалдық сұрақтары бойынша сәйкестігін түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруға;
- 7) осы ереженің талаптарын кез келген уақытта бұзбауға;
- 8) осы ережені бұзған жағдайда есебін жүргізуге;
- 9) ережені бұзғаны үшін әр кезде деканатқа жазбаша хабарлауға;

9. Білім алушы тиісті:

- 1) осы ереженің мәтінін оқып және оларды бұзғандағы салдарын білу;

- 2) бағаланатын және бағаланған жұмыстарды орындауда академиялық адалдықты қатаң сақтауға;
- 3) автордың аты мен өнім бетгі көрсете отырып, бөтен сөз және ой беру әдісін пайдалануға;
- 4) жұмыс соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсетуге;
- 5) ақпаратты шынайы және сенімді көздерден пайдалануға;
- 6) іс жүзінде дұрыс бағаланған жұмысты басқа да білім алушыға орындауға бермеуге;
- 7) тапсырмалардың барлық түрлерін жеке орындауға;
- 8) мәтінге, жазбаша жұмысқа, тапсырмалар мен жаттығуларға (рефераттар, курстық жұмыстар, диссертациялар, магистрлік диссертация) дайын жауаптарды пайдаланбауға;
- 9) емтихан барысында шпаргалка, электрондық ақпараттық және байланыс құрылғыларын пайдаланбауға;
- 10) өзінің дайын жұмыстарының жауаптарын басқа да білім алушыларға бермеу және өтуіне жол бермеу, оқытуда адалдық пен шыншылдыққа күмән келтіру, соңында басқа білім алушыларға зиянын тигізеді.

4. Бұзушылық түрлері

10. Бұзушылықтардың мынадай түрлері көзделген:
 - 1) материалдарды басқа көздерден автордың дәлелінсіз және материалдың шығу көзін көрсетпей жартылай немесе толық иемденіп алу;
Түрлі нысандарда плагиатты көрсетуге болады:
 - 2) тиісті тыныс белгісін (тырнақша) қолданбай және/ немесе ақпарат көзіне сілтеме жасамай отырып ақпарат көзінен үзінді алу;
 - 3) ақпарат көзін көрсетпей ауызша айта салу;
 - 4) авторға сілтеме жасамай, біреудің идеяларын немесе дәлелдерін пайдалану;
 - 5) толық немесе ішінара біреудің немесе басқа студенттің жазбаша жазған жұмысын ұсыну;
 - 6) интернеттен алынған курстық / диссертациялық жұмысты ұсыну;
 - 7) басқа курс үшін тапсырма ретінде жүргізілген жұмысты курстық ретінде ұсыну;
 - 8) Плагиат;
11. Келісім:
 - 1) басқа студенттің бағаланатын жұмысын орындап беру;
12. Алдау:
 - 1) өзге студенттердің бағаланған жұмысын көшіру;
 - 2) бағаланған жұмысты қайта көрсету;
 - 3) әдепкі жағдайда жалған сылтаулармен, бағаланатын жұмыстарды орындау мен қайта ұсыну;
 - 4) топпен бірге қамтамасыз етілмейтін жұмысты, екі немесе одан да көп студенттермен орындау;
 - 5) басқа да студенттерге саналы көмек: өзіңнің бағаланған жұмысыңды есептеп шығару үшін рұқсат беру, кеңестер, жауаптарын қолдану, кітаптар т.б.;
 - 6) біреудің бағаланған жұмысын өзіңікі ретінде көрсету;
13. Деректер бағаланатын жұмыс, жалған бағалау:

- 1) тапсырма нәтижелерінің жауабын бағалау, жалған бағалау;
 - 2) жалған деректер (бұрын жазу, көшіру, түзету) яғни өлшеу және қадағалау сауалнама бақылау, басқа да сауалнама әдістерін зерттеу кезінде;
 - 3) шамадан тыс бағалау бақылау жазбаша жұмысы кезінде;
 - 4) басқа білім алушының бағасының бүлінуі немесе әдейі қолдан өзгертуі;
14. Бағаланатын жұмыстың жауабын сатып алу:
- 1) бағаланатын жұмысты орындау кезінде жауаптарды беру;
 - 2) сату немесе басқа жолдармен көмек көрсету, сатып алу немесе сатуға дайын бағаланатын жұмыстарын көрсету (курстық, дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертациялар және т. б.)
15. Ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдалану:
- 1) тестілеу, бағаланатын бақылау жұмыстары кезінде электронды, сандық, қағаз түрінде, техникалық құрылғылар түрінде ақпаратты қолдану;
 - 2) бағаланатын жұмыс кезінде, кез келген жолмен жауаптарын алу, соның ішінде электронды пошта арқылы жүктеу немесе компьютермен т.б.
 - 3) қағаз және электрондық тасығыштарда бағаланатын жұмыстарға қатысты педагогикалық қызметкерді кабинетінен шығару және /немесе компьютерден материалдарды көшіру.
16. Студент емтихан тапсырар алдында компьютерлік тестілеу әдісіне сынақ кітапшасы мен кіреді.
17. Емтиханда телефон қолдануға, наушник киіп отыруға, флешка және басқада ақпарат алмасатын құралдар ұстауға тыйым салынады. Осы аталған құралдарды пайдаланған жағдайда акт толтырылып, студент емтиханнан шығарылады (*Қосымша 1*). Қайта тапсырылу ақылы түрде жазғы семестр кезінде жүзеге асырылады.
18. Шпаргалка қолдануға тыйым салынады. Осы аталған құралдарды пайдаланған жағдайда акт толтырылып, студент емтиханнан шығарылады. Қайта тапсырылу ақылы түрде жазғы семестр кезінде жүзеге асырылады.
19. Емтиханға студенттер рұқсат етілмейді егер: киім этикасын сақтамаса (шашын жібергенде, шорты, майка, спорттық киім, сланцы, куртка, бас киім және т.б.)
20. Компьютерлік сыныпқа спорттық сумкамен, рюкзакпен, пакетпен, сусымалы қаптармен, сыртқы киіммен, кітаппен, жазба кітаптармен, дәптермен, анықтамалармен, сөздіктермен және т.б. Кіруге рұқсат етілмейді.
21. Емтиханда сағыз шайнауға, тамақ жеуге, ішуге, әңгіме айтуға, сыбырлауға, орын ауыстыруға, қажеттілігінсіз дәрісханада жүруге, дәрісханадан шығуға тыйым салынады. Бұл талаптарды бұзған жағдайда студентке акт толтырылып, емтиханнан шығарылады. Қайта тапсырылу ақылы түрде жазғы семестр кезінде жүзеге асырылады.
22. Студент егер этика сақтамаса яғни(қарсыласса, дәрекілік көрсетсе, ескертулерге құлақ аспаса, ережеге сәйкес бағынғысы келмесе және т.б.) тиісті акт толтырылып, Комиссия мүшелері жаза қабылдау үшін ректордың атына түсініктеме жазылады .
23. Техникалық себептер болған жағдайда келесі күнге кешіктірмей студент шағымдануға құқылы:
- 1) дұрыс жауабы болмаса;

- 2) жауап болмауы;
- 3) екі бірдей дұрыс жауаптың болуы;
- 4) тапсырманын болмауы;
- 5) оқылмаған тақырып.

7. Жауапкершілік және жаза

24. Білім беру үрдісінің қатысушылары академиялық адалдық принциптері бұзылған жағдайда олардың моральдық жауапкершілікке тартылатын есте сақтауы керек.
25. Плагиат, курстық, дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертацияларды сатып алу және сату қарапайым ережелерін бұзу шегінен шығу ретінде қарастырылады және қоғамдастық қатысты елеулі бұзу ретінде қабылданады және бөтен материалдарды пайдаланғаны үшін жазаға тартылады.
26. Оқытушылардың әрбір бұзу күні тіркеледі және студенттер мен магистранттардың ағымдағы немесе қорытынды жұмысы бағалау рәсіміне жіберілмейді. Білім алушыларға сөгіс жарияланады, бұдан әрі оқудан шығарылады.
27. Кітапханашылар Білім алушыларға барлық қатысушыларға қол жетімді бағдарламасын пайдалану үшін қолданылатын ресурстар, библиография, сілтемелерді көрсете отырып, кітаптар, журналдар, Интернет-сайттарды рәсімдеуге қатысты келісіммен қамтамасыз етеді.

8. Ереже бұзған жағдайда шараларды қолдану тәртібі

28. Академиялық адалдықтың бұзылуы былай анықталуы мүмкін:
- 1) ағымдағы бағалауды жүргізу кезінде;
 - 2) қорытынды бағалауды жүргізу кезінде
29. Білім алушылардың ағымдағы оқу жетістіктерін бағалау кезінде сөз байласу, плагиат анықталған жағдайда:
- 1) оқытушы осы ереженің қосымшасына сәйкес ережені бұзу туралы акт жасайды, білім алушылармен әңгімелесу өткізеді. Ережені бұзу туралы актіні тиісті дәлелдемелермен және білім алушылардың жұмыс көшірмелері факультет деканына беріледі;
 - 2) жүйелі түрде бұзушылық (үш және одан да көп рет) кезінде оқытушы белгіленген нысан бойынша ережелерді бұзу туралы акт құрайды. Ережені бұзу туралы актіні тиісті дәлелдемелермен және білім алушылардың жұмыс көшірмелері факультет деканына беріледі, кейіннен ол барлық құжаттар тәртіп комиссиясына беріледі. Ережелерін бұзу туралы актіні тиісті дәлелдемелер дисциплинарлық комиссияға тапсырылады.
30. Білім алушылардың ағымдағы оқу жетістіктерін бағалау кезінде алдау анықталған жағдайда:
- 1) оқытушы белгіленген нысан бойынша ережелерді бұзу туралы акт жасайды, кураторлардың қатысуымен білім алушылармен әңгімелесу өткізеді. Ережені бұзу туралы актіні тиісті дәлелдемелермен және білім алушылардың жұмыс көшірмелері факультет деканына беріледі;
 - 2) жүйелі түрде бұзушылық (үш және одан да көп рет) кезінде оқытушы белгіленген нысан бойынша ережелерді бұзу туралы акт құрайды. Ережені бұзу

туралы актіні тиісті дәлелдемелермен және білім алушылардың жұмыс көшірмелері факультет деканына беріледі, кейіннен ол барлық құжаттар Академия адалдық комиссиясына беріледі.

31. Білім алушылардың ағымдағы оқу жетістіктерін бағалау кезінде бағаланатын жұмыстардың бағалауын бұрмалау, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын әділетсіз жолмен сатып алу, ақпараттар мен құрылғыларды заңсыз пайдалану анықталған жағдайда: оқытушы белгіленген нысан бойынша ережелерді бұзу туралы акт жасайды, кураторлардың қатысуымен білім алушылармен әңгімелесу өткізеді. Ережені бұзу туралы актіні тиісті дәлелдемелермен және білім алушылардың жұмыс көшірмелері факультет деканына беріледі, кейіннен ол барлық құжаттар тәртіп комиссиясына беріледі.

32. Білім алушылардың бағаланатын жұмыстарын орындау кезінде бұрмалау, алдау, жемқорлық, курстық, дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертацияларды сату анықталған жағдайда, оқытушы Академия қызметкері жұмыстан қуылуға дейін тәртіптік жазаға тартылады.

33. Академия адалдық комиссияның жұмысын ұйымдастыру Ережемен және Академияның ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

9. Академия адалдық комиссиясының міндеттері мен құқықтары

34. ААК негізгі міндеттер болып табылады:

- 1) Академияның білім алушылар арасында академиялық адалдықты бұзушылық орын алған жағдайларының алдын алу;
- 2) Академиялық адалдықты бұзушылық орын алған туындаған фактілер кезінде: көшіру, плагиат, сөз байласу т.б. тәуелсіз сараптама жүргізу;
- 3) кез келген жазба жұмыс түрлерін орындау кезінде академиялық адалдықтың этикалық нормалар мен қағидаттарды сақталуын бағалау.

35. ААК негізгі құқықтары болып табылады:

- 1) түрлі салалар мамандары болып саналатын басқа да тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерден көмек сұра алады;
- 2) оның құзыретіне кіретін түсініктеме беруге, ұсыныстар, нұсқаулар және мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;
- 3) жазбаша түрде Академия білім алушылардың мінез-құлықты бұзатын фактілеріне қатысты деканаттарды, ректоратты өз қорытындылар мен негіздемелер туралы хабардар ету;
- 4) ААК қызметін құжаттандыру, отырыстардың өткізу тәртібін анықтау, отырыстардың хаттамаларын жүргізу, алдағы отырыстар туралы оның мүшелерінің құлақтандыру, сондай-ақ отырыстарды ұйымдастыру;
- 5) осы Ережемен қарастырылған сапалы және уақтылы функциялардың орындалуы;
- 6) жүктелген міндеттері мен функциялары бойынша ААК қызметін ұйымдастыру.

36. Өзгерістер мен толықтырулар осы ережеге ереженің жаңа редакцияда жасау арқылы немесе өзгерістерді (толықтыруларды) рәсімдеу осы ережеге қосымшалар түрінде Академияның ғылыми кеңесінің шешімі негізінде және ректордың бұйрығымен енгізіледі.

37. Осы Ереже оны бекіткен күннен бастап күшіне енеді және толықтырулар, өзгерістер енгізу дейін әрекет етеді.

38. ААК құқығындағы:

- 1) түрлі салалар мамандары болып саналатын басқа да тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерден көмек сұра алады;
- 2) оның құзыретіне кіретін түсініктеме беруге, ұсыныстар, нұсқаулар және мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;
- 3) жазбаша түрде Академия білім алушылардың мінез-құлықты бұзатын фактілеріне қатысты деканаттарды, ректоратты өз қорытындылар мен негіздемелер туралы хабардар ету;
- 4) ААК қызметін құжаттандыру, отырыстардың өткізу тәртібін анықтау, отырыстардың хаттамаларын жүргізу, алдағы отырыстар туралы оның мүшелерінің құлақтандыру, сондай-ақ отырыстарды ұйымдастыру;
- 5) осы Ережемен қарастырылған сапалы және уақтылы функциялардың орындалуы;
- б) жүктелген міндеттері мен функциялары бойынша ААК қызметін ұйымдастыру.

10. ААК-ның функциялары

39. ААК негізгі функциялар болып табылады:

- 1) Академиялық адалдық жазба жұмыстар тұрғысынан білім алушылардың жазба жұмыстарының этикалық бағалауды және этикалық сараптама ұйымдастыруға қатысуы;
 - 2) Академиялық адалдықты бұзушылық пен этикалық нормаларды бұзуға байланысты оқу кезеңінде және аралық аттестаттау кезеңінде туындаған даулы мәселелерді қарау;
 - 3) Оқу үрдісіне академиялық адалдықтың қағидаларын енгізу бойынша іс-шараларды жүргізу және білім алушылардың бұзатын этикалық нормаларын ескерту;
 - 4) Мінез-құлық бұзатын фактісі бойынша комиссия жұмысының нәтижелері бойынша кеңестер өткізу;
 - 5) Қоғамдық басқару басқа да органдармен байланысуы: студенттік ректорат, студенттік деканат факультет.
 - б) білім алушы ережені бұзған жағдайда, осы ереженің шеңберінде үлестіру шараларын қолдану;
 - 7) білім алушыларға академиялық адалдықты бақылау және мониторинг жүргізу.
40. Білім алушылар академиялық адалдық принциптерін сақтау үшін міндетті: Құрметтеуге және сақтауға негізгі принциптерін пайдалануға қатысты бөтен зияткерлік меншік.
41. Басқа зияткерлік меншікті пайдалануға қатысты негізгі принциптерін құрметтеуге және сақтауға.
42. Этикалық стандарттарды қабылдауға және оларды қатаң сақтауға. Кез келген жұмыс түрінде, ауызша және жазбаша түрде, ағымдағы және қорытынды бағалау барысында барлық принциптерді сақтауға.
43. Ұсынылатын жұмыстардың білім беру жобасына қатысушылардың жеке жұмысы болып табылатынын есте сақтау.

44. Бөтен шығармалардан үзінділер пайдалану кезінде цитата, бөтен сөздерді қолдану сияқты тәсілдерді пайдалану.

45. Эссе, жазбаша өтініштерді жазу кезінде сілтемелер пайдалануға, онда белгілі бір ойдың, автор мен шығармалардың қайдан алынғаны көрсетіледі. Жұмыстың соңында міндетті түрде барлық ақпараттық ресурстар, көрсетілген пайдаланылған әдебиеттер болуы керек. Сондай-ақ, ақпараттық көздер ұсынылатын қосымшалар құрылуы мүмкін.

46. Өздерінің курстастарына жеке басына пайдалану мақсатында орындалған жұмыстарды, жеке меншікті материалды ұсынуға жол берілмейді.

47. Академиялық әділетсіздікке жол бермеу және осы саясат аясында студенттерге қолданылатын санкциялар туралы жауапкершілікті білу.

11. Академия адалдық комиссия құрамы

48. ААК құрамы:

1) ААК құрамы әкімшіліктен, оқытушылардан, студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінен қалыптастырылады және Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2) ААК келесі мерзімге дейін қайта сайлануға мүмкіндігімен 1 жылға тағайындалады, жауапты хатшы және комиссия мүшелері (5-тен кем емес) тұрады.

49. ААК тәуелсіз эксперттік ұйым ретінде құрылады, Академия білім алушылардың білім беру үрдісінің қатысушыларының құқықтарының қамтамасыз етеді және адамгершілік-этикалық бағалау нәтижелері бойынша қамтамасыз етеді.

12. Академия адалдық комиссияның жұмыс регламенті

50. ААК отырысы этикалық нормалар мен академиялық адалдықты бұзушылық орын алған бұзу фактілері қарай өткізіледі.

51. ААК оқушылардың жазба жұмыстарын сараптамалық бағалауды жүзеге асырады және Академиялық адалдықты бұзушылық (көшіру фактілер, жұмыстардың ұқсастығы, шамадан тыс бағалау) орын алған жағдайды талдайды.

52. ААК сараптама нәтижелері бойынша ұсынылған жазбаша жұмыстар және жол берілмейтін білім алушылардың мінез-құлқын шығаруы мүмкін келесі қорытынды

53. Сараптама нәтижелері бойынша ұсынылған жазбаша жұмыстар және талдау жол берілмейтін білім алушылардың мінез-құлқы келесі қорытынды шығаруы мүмкін:

1) бақылау іс-шараны қайта өткізуге ұсыну;

2) ақылы негізде бақылау іс-шараны жазғы триместірде тапсыруға ұсыну;

3) сөгіс жариялау;


4) Академиядан шығару. бірнеше жағдайларда бөтен мәтінді (сілтеме болмауы, дәйексөз көрсетілмеген туындыгер) иемденуі табылған жағдайда жазбаша жұмысқа баға төмендетуге.

5) плагиат, көшіру, қайталау анықталған жағдайда студенттің/магистранттың жазбаша жұмысын жою;

Қорытынды:

Ғылыми кеңес мүшелерімен №1 хатамасы «28 тамыз»2020 жылы Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының Академиялық адалдық ережесі бекітілді. Білім беру үрдісінде академиялық адалдық нұсқауларын, Академияның қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді, академиялық адалдығы мен тәртібі жөніндегі іс-шаралардың бұзушылық түрлерін анықтайды. Академия адалдық комиссиясының міндеттері, құқықтары, функциялары жоспарланды. Қорта келе Академия адалдық ережесі білім алушыларды дұрыс жолмен бағыттау.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдениет қалыптастыру бөлімінің басшысы**



Әнуар Ә.Ә.

Келісілді:

**Тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер
жөніндегі проректор**



Ергөбек Ш.Қ.

Заң бөлімінің басшысы



Г.Д. Сеитбекова

Оқу-әдістемелік қызметінің басшысы



Джумадилова Ж.А.

**Оқу үдерісін ұйымдастыру және
мониторинг қызметінің басшысы**



Турдалиева Б.К.

